

КОЛЛЕДЖДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Каментаева Г.Б.

қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы, педагог зерттеуші,
Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі,

Атырау қ, Қазақстан
e-mail: Akhmetova_05@mail.ru

Біз қазіргі таңда өмір сүріп отырған кезеңіміз ғылым мен техника саласында да, негізгі құндылықтар мен дүниетанымдық ұстанымдар саласында да қоршаған ортаның жылдам өзгерістерімен сипатталады. Қоғам дамуының жаһандану, цифрландыру және мәдениеттердің ықпалдасуы сияқты белсенді үдерістер соның дәлелі. Осындай жағдайда ұлттық бірегейлікті, мәдени құндылықтарды және халықтың рухани мұрасын сақтау ерекше маңызға ие болады. Білім беру жүйесі білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуында, оның дүниетанымын, құндылық бағдарларын және мәдени бірегейлігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ал, орта кәсіптік білім беру жүйесінде білікті мамандарды даярлау тек мамандандырылған кәсіби құзыреттіліктерді меңгерумен шектеле алмайды. Олар нарық сұраныстарына ие болуға, жоғары бәсекеге қабілеттілік пен тілдік-мәдени дағдыларды игеруге, мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға, тұлғаның бірегейлігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, мәдени бірегейлік – бұл адамның белгілі бір мәдениетке тиесілі екенін сезінуі, оның құндылықтарын, дәстүрлерін, тілін және тарихи мұрасын қабылдауы. Ол әртүрлі факторлар әсерінен қалыптасады, оның ішінде білім беру, әсіресе қазақ әдебиетін оқу, ерекше орын алады.

Қазақ әдебиеті – ұлттық мәдениеттің айнасы, сонымен қатар тарихи сананы қалыптастырудың, рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерудің негізгі құралы. Қазақ әдебиеті шығармалары арқылы студенттер өз халқының тарихы мен дәстүрлерін, рухани мұрасын терең түсініп, соның негізінде ұлттық мақтаныш пен мәдени сәйкестікті сезінеді.

Қазақ әдебиеті – қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекше феномені болып табылады, ол халықтың тарихын, дүниетанымын, дәстүрлерін және құндылықтарын көрсетеді [1]. Ауыз әдебиетінің, классикалық және заманауи әдеби шығармалардың көмегімен студенттер өз халқының рухани байлығымен танысып, ұлттық мақтаныш сезімін және мәдени тұтастықты қалыптастырады. Осыған орай, тақырыптың өзектілігі – студенттердің мәдени бірегейлігін қалыптастыруда қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармалар рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу, ал бұл процесті жүзеге асырудың тиімді педагогикалық жағдайларын анықтау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиеті сабақтарында студенттердің мәдени бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін теориялық тұрғыдан негіздеп, эмпирикалық зерттеу жүргізу.


Зерттеу міндеттері:

- «мәдени бірегейлік» ұғымының мәнін ашу;
- мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы әдебиеттің рөлін анықтау;
- қазақ әдебиетінің педагогикалық әлеуетін анықтау;
- студенттердің мәдени бірегейлігі деңгейін эмпирикалық зерттеу жүргізу.

«Бірегейлік» (identitas) сөзі классикалық латын тіліндегі «idem» сөзінен шыққан, ол «дәл сол», «бірдей» деген мағынаны білдіреді. Тікелей аударғанда «identity» сөзі екі мағынаны білдіреді: тану және теңестіру (ұқсату). Философияда бұл термині Джон Локк және Дэвид Юм еңбектерінде пайда болып, оны қолдану модерн дәуіріндегі тұлғаның даралану үдерісімен байланыстырылады. «Бірегейлік» термині АҚШ-та 1950 жылдары Эрик Эриксон еңбектері жарияланғаннан кейін кеңінен танымал болды [2]. Бірегейліктің түрлері өте көп. Бірақ солардың ішінде оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолданылатыны мәдени бірегейлік. Мәдени бірегейлік ұғымы пәнаралық болып табылады және философияда, әлеуметтануда, психологияда және педагогикада тереңірек қарастырылады.

Э.Эриксон пікірінше, бірегейлік – бұл тұлғаның ішкі тұрақтылығы және белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілі екенін сезіну [3]. Дж. Марсия, бірегейлікті құндылықтар мен сенімдерді саналы таңдау нәтижесі ретінде қарастырады [2]. Ресей ғалымы В.А.Тишков мәдени бірегейлікті белгілі бір мәдени қауымдастыққа тиесілілікті сезіну ретінде анықтайды, оған тіл, дәстүрлер, құндылықтар және тарихи есте сақтауды енгізді [4]. Отандық ғалым К.Ж.Кожаметова мәдени бірегейлікті, ұлттық құндылықтар, мәдени нормалар және халықтың рухани мұрасын меңгеру нәтижесі деп атап көрсетеді [5].

Педагогикалық контексте мәдени бірегейлік жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінің нәтижесі ретінде түсініледі, оның барысында қоғамның мәдени нормалары мен құндылықтары және дәстүрлері игеріледі.



Сурет 1. Мәдени бірегейлік түрлері мен компоненттері

Мәдени бірегейлікті қалыптастыру – бұл ұзақ және күрделі процесс, ол отбасынан басталып, білім беру мекемелерінде жалғасады. Осы процесте гуманитарлық білім, оның ішінде қазақ әдебиетін оқытуда ерекше рөл атқарады. Қазақ әдебиетін зерттеу халықтың бай мұрасын, тілін, дәстүрлері мен құндылықтарын сақтай отырып, мәдени бірегейлікті қалыптастырады. Көптеген ақын-жазушылар шығармашылығы арқылы патриотизмге, өзін-өзі тануға және ұлттық тарихты түсінуге тәрбиелеу жүреді, бұл әсіресе жаһандану жағдайында маңызды. Әдебиет бірегей мәдени кодты тарату арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтады.

Қазақ әдебиетінің мәдени бірегейлікке әсерінің негізгі аспектілері [6]:

1. Мәдени кодты сақтау: әдебиет ұлттық мұраны, дәстүрді, әдет-ғұрыпты және тілді беру құралы ретінде қызмет етеді.

2. Ұлттық сананы тәрбиелеу: шығармаларды зерделеу қазақ этносына, оның тарихы мен менталитетіне қатыстылығын түсінуге көмектеседі.

3. Құндылықтарды тарату: көркем образдар арқылы халықтың негізгі этикалық және мәдени нормалары беріледі.

4. Әлемдегі мәдениеттің ұстанымын нығайту: әдебиетті дәріптеу ұлттық мәдени құндылықтардың экспортына ықпал етеді.

Яғни, көшпелі мұраны жаңғырту үдерістерін қамтитын қазақ әдебиеті ұлттық бірегейлік туралы тұтас түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Олай болса, мәдени бірегейлік ұғымының теориялық және әдіснамалық маңызы оның әлеуметтік-психологиялық феномен ретіндегі көпқырлылығымен байланысты. Ол адамға тәжірибені меңгерудің белгілі бір формасын, сол тәжірибені үздіксіз сезіну мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұлғаның психологиялық айқындылығын қалыптастырады.

Оқу процесінде студенттердің мәдени бірегейліктерін қалыптастыру мәдени құбылыстар, нормалар мен құндылықтарды толерантты қабылдау, оларды әртүрлі дүниетанымдық контексте тану, мәдени айырмашылықтарды түсіну негізінде өздерінің вербалды және вербалды емес мінез-құлқын құру дағдылары қалыптасуы керек.

Мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы әдебиеттің рөлі өте зор. Әдебиет – тұлғаны рухани және адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің ең маңызды құралы. Ол халықтың тарихи тәжірибесін, құндылықтарын, дәстүрлерін және дүниетанымын көрсетеді. Әдеби шығармалардағы көркем образдар арқылы студенттер өздерінің ұлттық мәдениетке қатыстылығын сезініп, ұлттық сананы қалыптастырады.

Әдебиетті оқытуда қамтылатын мәселелер:

- ұлттық сананы қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту;

- патриоттық сезімді тәрбиелеу;
- сыни ойлауды дамыту;
- эстетикалық талғамды қалыптастыру.

Ерекше мәні – ұлттық әдебиетті оқу, себебі ол халықтың мәдени кодын сақтайтын құрал болып табылады.

Қазақ әдебиетінің педагогикалық әлеуеті зор. Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов және т.б. зиялы қауым өкілдерінің еңбектері мен шығармаларында қазақ халқының рухани құндылықтары көрсетіледі. Қазақ әдебиеті шығармалары келесі қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді:

- ұлттық дәстүрлерге құрмет;
- адамгершілік қасиеттер;
- патриоттық сезімдер;
- мәдени бірегейлік.

Мысалы, ұлы Абай шығармалары адамгершілік құндылықтарды қалыптастырса, М.Әуезов шығармалары халықтың тарихи дамуын ашып көрсетеді, ал Ы.Алтынсарин шығармалары білімнің маңыздылығын ерекше дәріптейді, М.Жұмабаев шығармалары ұлттық сананы қалыптастырады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармаларды қолдану тәсілдері:

1. Талдау және талқылау. Студенттер көркем шығарманы оқып, сондағы басты кейіпкерлер әрекеттерін, моральдық құндылықтарын талдайды.
2. Жазабаша тапсырмалар: эссе, шығармашылық жұмыстар, зертеу жобалары арқылы студенттердің ұлттық мәдениетке қатысы мен ой-пікірлерін білдіру.
3. Сыни ойлау: тарихи және әлеуметтік контексті талдау арқылы мәдени құндылықтарды бағалау.
4. Интеграция: әдебиет сабақтарын тарих, музыка, өнер сабақтарымен байланыстыру.

Қазақ әдебиеті сабақтарында келесідей әдістер мен тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады:

1. **Сабақты ерекше бастау:** эпиграф, жұмбақ, музыкалық кіріспе, романс, бейнефрагмент, позитивті суреті бар слайд-презентация, ынталандыратын басқа да элементтер.

2. **Проблемалық сұрақтарды ұйымдастыру және шешу:** проблемалық жағдай құру. Яғни автор, сыншылар, оқырмандар, әдебиеттанушылармен диалог негізінде ұйымдастырылған практикалық сабақ. Ой-қозғау кейіпкер образын талқылаудан басталады, сенімдер адамның тағдырына қалай әсер етуі мүмкін екенін түсіндіреді. Әңгілемеді ең белсенді студенттер үшін мәселені шешуде ынталандыруға бағытталған – кітаптық және электрондық ақпарат көздеріне жүгіну, дәлелдер мен аргументтер іздеу, мәселені тереңірек зерттеу, зерттеушілік қызметке тарту.

3. **Бейнематериалдар мен компьютердің барлық мүмкіндіктерін қолдану:** презентация жасау, видеороликтер құру, ақпараттық және оқу материалдарын иллюстрациялау, хабарламалар, рефераттар, баяндамалар.

4. **Схемалар, тірек конспекттер, кестелерді қолдану:** жаңа материалды меңгеруде тиімді құралдар ретінде пайдаланылады.

5. **Топтық жұмысты ұйымдастыру:** жұптық жұмыс, тұрақты немесе ауыспалы құрамда топтық жұмыс. Мысалы, қандай да бір шығарманы оқыту кезінде кейіпкерлердің өмірлік ұстанымы мен өзіндік жеке сипаттының байланысын афоризмдер, бағалау репликалары арқылы талдау.

6. **Интерактивті оқу формалары немесе олардың элементтерін қолдану:** «Brain-ring», «Ми шабуылы», «Өртүрлі кейіпкерлермен сұхбат», жобалау әдісі. Заманауи білім беруде жобалық әдіс өте танымал. Мысалы, ақпараттық жоба жасау үшін студенттер берілген объект, құбылыс бойынша ақпарат жинайды, талдайды, қорытындылайды және топта талқылауға ұсынады.


7. Қазақ әдебиетін оқытуда көркем шығармаларды салыстырмалы талдаудың маңызы зор. Бұл орыс және қазақ әдебиеті арасындағы параллельді жүргізуге мүмкіндік береді, материалды игеруді жеңілдетеді. Ұлттық мәдениеттегі көптеген айырмашылықтарға қарамастан, ауызша халық шығармашылығында да, орыс және қазақ халықтарының жазушылары мен ақындарының әдеби шығармашылығында да ортақ белгілер бар.

8. Студенттердің сыни ойлау дағдысын қалыптастыруда шағын эсс, мазмұндама, шығарма жұмыстары тиімді. Эссе - бұл шығарманы зерттеу барысында алынған мәліметтерге және оларға деген көзқарасыңызға өзіндік көзқарас. Эссе тек мазмұны бойынша ғана емес, формасы бойынша да шығармашылық болуы керек. Бұл кейіпкердің өзімен сөйлесу формасы, кейіпкерге хат, кейіпкердің атынан т.б. шығармашылыққа итермелейді.

Тақырыпқа байланысты зерттеу жұмысы Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінде жүргізілді. Зерттеуге 2 курс студенттерінен 120 респондент қатысты. Зерттеу әдістері: сауалнама жүргізу; бақылау; талдау; статистикалық мәліметтерді өңдеу.

Сауалнаманы жүргізудің мақсаты – студенттердің мәдени бірегейлік деңгейін және әдебиеттің оны қалыптастырудағы рөлін анықтау.

Зерттеу барысында студенттерден сауалнама алынды.



Сурет 2. Сауалнама нәтижелері

Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінің мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Студенттер әдебиет арқылы халықтың тарихын, құндылықтарын және дәстүрлерін түсінуге мүмкіндік алатынын атап өтті.

Қазақ әдебиеті сабақтарында мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы педагогикалық шарттар:

- ұлттық әдебиетті оқытуға енгізу;
- заманауи технологияларды қолдану;
- аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- сыни ойлауды дамыту.

Олай болса, қазақ әдебиеті студенттердің мәдени бірегейлігін қалыптастыруда тиімді құралы болып табылады. Ол ұлттық сананы, рухани құндылықтарды және мәдени тұтастықты дамытады. Зерттеу нәтижелері білім беру процесінде әдебиеттің рөлін күшейту қажеттілігін дәлелдейді. Зерттеудің келешегі – жаңа оқыту әдістерін әзірлеумен байланысты.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиетін оқыту мәдени бірегейлікті дамыту үшін бірнеше маңызды себептерге байланысты аса маңызды болып табылады:

1. **Ұлттық жады мен тарихты сақтау.** Қазақ әдебиеті халықтың тарихи жолын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және маңызды оқиғаларын көрсетеді. Әдеби шығармалар арқылы студенттер өз ұлтының өткенімен танысып, халықтың тарихы мен мәдениетіне тиесілілік сезімін қалыптастырады.

2. **Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.** Қазақ әдебиетінің, әсіресе ұлы Абай, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев т.б. еңбектері мен шығармалары арқылы адамгершілік және этикалық бағыттарды қамтиды: үлкендерге құрмет, еңбексүйгіштік, гуманизм, патриотизм. Бұл құндылықтар тұлғаның дамуы мен мәдени бірегейлікті қалыптастырудың негізі болады.

3. **Ұлттық сананы дамыту.** Әдеби образдар мен сюжеттер арқылы студенттер қазақ мәдениетінің ерекшелігін түсінеді, бұл ұлттық мақтаныш сезімін және тиесілілікті нығайтады. Бұл тұлғаның өз еліне азамат ретінде бірегейлігін қалыптастыруға көмектеседі.

4. **Ауызша және жазбаша дәстүрлерді байланыстыру.** Қазақ әдебиеті ауызша эпостық шығармалар мен қазіргі жазбаша мәтіндерді қамтиды. Бұл шығармаларды оқу арқылы студенттер мәдени дәстүрлердің сабақтастығын көріп, ұрпақтар арасындағы «тірі» байланысты сезінеді.

5. **Сыни және мәдени ойлауды дамыту.** Әдеби шығармаларды талдау арқылы студенттер құндылықтарды бағалауды, мәдени кодтарды түсінуді және тарихи фактілерді ажырата білуді үйренеді. Бұл жетілген дүниетаным мен мәдени әртүрлілікті қабылдау қабілетін қалыптастырады.

6. **Эстетикалық тәрбие.** Қазақ әдебиеті әсемдік сезімін, көркемдік талғамды дамытып, эмоцияларды мәдени формалар арқылы білдіру және түсіну қабілетін қалыптастырады, бұл тұлғаның бірегейлігін нығайтады.

Яғни, әдебиет – **өткен мен бүгінді байланыстыратын көпір**, тұлғаны ұлттық мәдениетпен, рухани құндылықтармен және тарихи еске байланыстырады, сондықтан мәдени бірегейлікті қалыптастырудың негізгі құралы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы [Мәтін]: он томдық; Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты; жалпы ред. басқ. Ш. Елеукенов; ред. алқа: С.С. Қирабаев [ж. б. .- Алматы.: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006. —528 б.

2. Павлова О.Н. Идентичность: история формирования взглядов и ее структурные особенности. - М., 2001. – 280 с.

3. Эриксон Э. Детство и общество / Пер. с англ. - Обнинск, 1993. – 200 с.

4. Тишков В.А. Этническая идентичность. – Москва, 2005. – 320 с.

5. Кожаметова К.Ж. Мәдени бірегейлік және ұлттық құндылықтар. – Алматы, 2017. – 250 б.

6. Трубина Е.Г. Персональная идентичность как социально-философская проблема: Автореф. дис. ... докт. филос. наук. - Екатеринбург, 1996.

ӘОЖ 101.1: 316

ФИЛОСОФИЯ АДАМ ТАҢДАУЫ РЕТІНДЕ (Б.Е. КОЛУМБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАУЛАР)

Караконисова С.Г., Солощенко П.П.

философия және мәдениет теориясы кафедрасының
аға оқытушылары,
e-mail: p_soloschenk@mail.ru, salta-nigman@mail.ru

Асылхан А.

философия ББ білім алушысы,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанда да, сондай-ақ бүкіл әлемде де жастардың басым көпшілігі қандай да бір білім беру жүйесіне қатыса отырып, өмірінде алғаш рет философиямен ерекше білім түрі, өзіндік рухани және танымдық іс-әрекет ретінде танысады. Міне, дәл осы жерде философияны оқытатын ұстаздардың қатарында өзгеше жаратылған, дүниеге өз көзқарасы бар, өмірде өзіндік ерекше жолмен жүруді қалайтын, сондықтан білім алушыларға философияның тек әрпін ғана емес, рухын да жеткізе алатын жандардың болуы өте маңызды. Белгілі болғандай, Аристотельдің өзі философиядан әлдеқайда пайдалы көптеген ғылымдар бар екенін, бірақ одан артық ғылым жоқ екенін айтқан. Яғни барлық ғылымдар белгілі бір қызметке қажетті білімнің қандай да бір жиынтығына ие. Сол жиынтықты меңгерген адам өз ісінің кәсіби маманына айнала алады. Алайда сонымен бірге алынған білім адамды белгілі бір деңгейде «шектейді», ал «көп білу ақылға үйретпейді». Оның үстіне қандай да бір «пайдалы» ғылымды таңдаған адам шынымен өз ісін таңдады ма? Болашақ мамандығын оның орнына ата-анасы, достары, таныстары, «қоғамдық пікір» таңдап қойған жоқ па?

Ал философиямен айналысу – тұтастай әрі толықтай ерікті және дербес іс. Философия ешқандай дайын білімге кепілдік бермейді, бірақ оларды іздеуге толық еркіндік береді. Философ бәріне бірдей пайдалы болатын нәрселердің бәрін біле бермеуі мүмкін, бірақ ол кез келген істе табысқа жете алады, өйткені ол өзін жақсы біледі, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін таниды. Сондықтан философия адамға өз-өзі болып қалудың, ақиқатты не екенін өзі іздеп, өзі анықтаудың тамаша мүмкіндігін береді: сәнге ермей, жалған құндылықтарға сүйенбей, әртүрлі беделдерге бағдарланбай, тек өз ойлауына ғана негізделе отырып.